

**"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне уран өндіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " 2021 жылғы 9 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 1 сәуірдегі № 74-ө өкімі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 1 сәуірдегі № 74-ө өкімі.

1. Қоса беріліп отырған "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне уран өндіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 9 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актінің жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық құқықтық актілерді қабылдасын және құқықтық актілер қабылданған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2021 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 74-ө өкімімен  
бекітілген

**"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне уран өндіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 9 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі**

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актінің сапасына, уақтылы әзірленуі мен
-------	------------------------	----------------	---------------------------------------	-----------------	--

					енгізілуіне жауапты адам
1	2	3	4	5	6
1.	"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭМ	2021 жылғы мамыр	Ж.Ф. Қарағаев
2.	"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жер қойнауын пайдалану саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 214 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы	ЭМ	2021 жылғы маусым	Ж.Ф. Қарағаев
3.	"Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 239 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы	ЭМ	2021 жылғы маусым	Ж.Ф. Қарағаев
4.	"Қазақстан Республикасының уран өндіру кен орындарын игеру жөніндегі орталық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 8 тамыздағы № 275 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығы	ЭМ	2021 жылғы маусым	Ж.Ф. Қарағаев

**Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:**

ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі